

Тұрғындарды туберкулез ауруынан жаппай тексеруден өткізуді жалғастыру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің шешімі 2002 жылғы 5 ақпандағы N 377. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 7 наурызда N 814 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 шешімімен.

Облыста туберкулез ауруының эпидемиологиялық ахуалы күрделі жағдайда қалып отыр. 2001 жылдың аяғында туберкулездің асқынған түрімен 2477 науқас, ал соның ішінде 329 бацилла тасымалдаушы созылмалы туберкулез түрімен е с е п т е т ұ р а д ы .

Облыс әкімінің 2001 жылдың 23 қаңтардағы N 30 "Тұрғындарды туберкулез ауруынан жаппай тексеруден өткізуді ұйымдастыру туралы" шешімін орындау мақсатында 2001 жылы ересек тұрғындарды флюорографиялық жаппай тексеру жүзеге асырылды. Бұл облыс бойынша ересек тұрғындардың 86,8 пайызы (Атырау қаласы тұрғындарының 99,7 пайызы), туберкулезді анықтауға арналған препарат арқылы балалардың 96,8 пайызы (оның ішінде Атырау қаласында - 98,5 п а й ы з) т е к с е р у м е н қ а м т ы л д ы .

2001 жылдың қорытындысы бойынша туберкулезбен бірінші рет ауырған 1200 науқастар (2000 жылдың осы мерзімінде - 788) есепке алынған.

100 мың адамға шаққандағы сырқаттанушылық көрсеткіші 2001 жылы - 268,3 (2000 жылдың осы мерзімінде - 177,8). Сырқаттану көрсеткішінің өсуі облыс тұрғындарын туберкулез ауруынан жаппай тексеру өткізумен байланысты.

100 мың адамға шаққандағы туберкулезден қайтыс толу көрсеткіші - 28,6 (2000 жылдың осы мерзімінде - 26,0).

Облыс тұрғындарын туберкулез ауруынан жаппай тексеруден өткізуді толық көлемде ұйымдастыруды жалғастыру мақсатында шешім етемін:

1. Облыстық денсаулық сақтау департаменті (Нұрғазиев Қ.Ш.):

1) ересек тұрғындарды 15 жастан бастап 100 пайыздық алдын ала флюорографиялық қамтумен және балаларды (1-15 жас аралығы) туберкулезді анықтауға арналған препарат арқылы тексеру жұмыстарын жалғастырсын.

2) туберкулез ауруынан жаппай тексеруді өткізуде денсаулық сақтау мекемелерінің емдеу - алдын-алу қызметін бақылау мен үйлестіруді қамтамасыз е т с і н .

2. Облыстық экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы (Ким Г.З.) ересектерді флюорографиялық жолмен, балаларды туберкулезді анықтауға арналған препарат арқылы тексеруге қажетті жабдықтар мен реактивтерді сатып алуға тендер өткізсін.

3. Облыстық қаржы басқармасы (Әжіғалиева А.Т.) осы шараларды қаржыландыруды бюджетте қаралған қаражат есебінен жүзеге асырсын (есеп қоса беріледі).

4. Аудан және қала әкімдері, тұрғындарды туберкулез ауруынан жаппай тексеруден өткізу және ұйымдастыру мақсатында денсаулық сақтау мекемелеріне алыс, шалғайдағы елді мекендерге бару үшін автокөлік бөлу, жанар-жағар маймен іркіліссіз қамтамасыз ету арқылы көмек көрсетсін.

5. Қоғамдық қатынастар мен ішкі саясатты талдау департаменті (Сарымов А.) тұрғындарды туберкулез ауруынан жаппай тексеруден өткізуді бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттауды қамтамасыз етсін. 6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мұрсалиеваға жүктелсін. Облыс әкімі Облыс әкімінің 2002 жылғы 2002 жылғы 5 ақпандағы N 377 шешіміне қосымша 15 жасқа дейінгі балаларды Манту реакциясына тексеру және ересек тұрғындарды флюоротексерулеріне байланысты шығындарының 1 жылға шаққандағы есебі 148 347 бала (1 ден 15 жасқа дейін) 298 753 ересек тұрғын (15 жастан бастап) -----

Шығын материалдары Саны Құны (теңге) Сомасы (мың теңге) -----
----- Флюоропленка 70х30,5 (Германия) 1300
орам 3300 4290,0 R-пленка 30х40 (Германия) 100 8000 800,0 R-пленка 24х30 (Германия) 100 4700 470,0 R-пленка 18х24 (Германия) 100 2800 280,0 Кескінді айқындаушы 400 пакет 364 145,6 Бекітуші ерітінді 400 пакет 340 136,0 Шприцтер 148500 7 1 039,5 Жиыны 7 161,1 -----
